«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СОТ САРАПТАМАЛАРЫ ОРТАЛЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЦЕНТР СУДЕБНЫХ ЭКСПЕРТИЗ МИНИСТЕРСТВА ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2019 жыл 25 шілде № 172

Нұр-Сұлтан қаласы город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамалары орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің ережесі мен құрамын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК Жарғысының 26 – тармағының 6) тармақшасын, «Сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңын басшылыққа ала отырып жәнекадрлық өзгерістерге байланысты, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамалары орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің ережесі мен құрамы осы бұйрыққа қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамалары орталығы директорының 2018 жылғы 6 қыркүйектегі № 276 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.
3. Осы бұйрық оған қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Директордың м.у.а.** **Д. Гауриев**

004891

«Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
Сот сараптамалары
орталығы» РМҚК
директорының м.а.

________________________

«___» ___________ 2019 жыл

# Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Сот сараптамалары орталығы» РМҚК Ғылыми –әдістемелік кеңесі туралы ЕРЕЖЕ

## 1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК Ғылыми-әдістемелік кеңесі (бұдан әрі –ҒӘК) «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК (бұдан әрі - Орталық) жанындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік қызметі жөніндегі консультативтік–кеңесу органы болып табылады.

2. ҒӘК өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілері мен осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. ҒӘК сот-сарапатама қызметінің жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейін және ғылым мен техниканың заманауи жетістіктерін пайдалану негізінде оны әрі жетілдіруді қамтамасыз ету үшін құрылады.

4. ҒӘК құрамына: ҒӘК төрағасы –Сот сараптамасы ғылыми-зерттеу институтының директоры (бұдан әрі - ССҒЗИ), төраға орынбасары –ССҒЗИ директорының ғылыми–әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, хатшы – ССҒЗИ қызметкері, Орталық және ССҒЗИ қызметкерлері ғылыми немесе академиялық дәрежесі немесе сарапшылық мамандық бойынша он жылдан кем емес жұмыс өтілі бар, мемлекеттік органдар мен ғылым және білім мекемелерінің өкілдері кіреді.

5. ҒӘК мүшелері Орталық директорының бұйрығымен бекітіледі және мүшелердің тақ санынан тұрады.

6. ҒӘК төрағасы ҒӘК жалпы және ғылыми басшылықты қамтамасыз етеді. Ол болмаған кезде төраға функцияларын төраганың орынбасары орындайды. ҒӘК ағымдағы қызметін ғылыми хатшы жүзеге асырады.

## 2. Негізгі міндеттері мен функциялары

7. ҒӘК сот сараптамаларын ғылыми – әдістемелік қамтамасыз етудің маңызды мәселелерін қарастырады, сараптамалық зерттеулердің объективтілігіне, жан-жақтылығына және толықтығына қол жеткізу

мақсатында сараптамалық тәжірибенің бірыңғай ғылыми-әдістемелік ыңғайын іске асыру принциптерін әзірлейді, сот-сараптамалық зерттеулердің әзірленіп жатқан және жетілдірілген әдістемемлері мен әдістемелік ұсынымдарының ғылыми негізділігімен, тәжірибелік маңызыдылығымен және нәтижелерінің сапасымен байланысты мәселелерді қарастырады, оларды жариялау, сот-сараптама қызметіне енгізу туралы мәселесін шешу үшін әдістемелік сипаттағы жұмыстарды талқылайды.

### 3. Ғылыми-әдістемелік кеңес жұмысының регламенті

8. ҒӘК отырысы тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

9. ҒӘК өз қызметінде Орталықтың Ғылыми кеңесіне (бұдан әрі – ҒК) есеп береді, ол жеткілікті негіздеме болған жағдайда ҒӘК қабылдаған шешімдерін қайта қарауы мүмкін.

10. ҒӘК отырыстарында оның мүшелері болып табылмайтын адамдар (дайындалған материалдар бойынша түсініктеме беру үшін) қатысуы мүмкін. Мүшелері болып табылмайтын адамдарды қатыстыру туралы шешімді ҒӘК төрағалық етуші қабылдайды.

11. ҒӘК мүшелерімен басқа да мүдделі тұлғалар алдағы кездесу туралы жеті күннен кешіктірілмей хабарланады. Сол кезеңде ҒӘК мүшелеріне талқыланатын материалдар жіберіледі.

12. Отырыстың күн тәртібінде көрсетілген тұлғалар мен хатшы отырысқа материалдарды даярлау сапасына жауаптылар болып табылады.

13. ҒӘК хатшысы әдістемелер мен әдістемелік ұсыныстардың жобаларын алдын-ала қарау және талқылау үшін Орталықтың сот сараптамасы түрлері бойынша бас сарапшыларына жібереді. Материалдар ҒӘК отырысында талқылауға тек олардың мақұлдауынан кейін жіберіледі.

14. Орталықтың сот сараптамасы түрлері бойынша бас сарапшылары ҒӘК отырысына сараптаманың накты бір түріне қатысты мәселелерді қарау кезінде қатыса алады.

15. Хатшы ҒӘК мүшелерінің, Орталықтың құрылымдық және аумақтық бөлімшелері басшыларының ұсыныстары негізінде отырыстың күн тәртібін құрастырады және ҒӘК төрағасының бекітуіне енгізеді. Ұсыныстарда, ұсынылып отырған мәселені талқылаудың қажеттілігі негізделеді, сараптама қызметінің бағыты, жауапты орындаушылар және талқылаудың ұсынылған мерзімдері көрсетіледі.

16. ҒӘК отырысын ҒӘК төрағасы, ол болмаған жағдайда – төраға орынбасары, бекітілген ҒӘК құрамының кем дегенде үштен екі бөлігі болған жағдайда жүргізеді.

17. ҒӘК төрағасы: күн тәртібін айқындайды және отырысты өткізу күнін белгілейді, Орталықтың ҒК қабылданған шешімдер туралы хабардар етеді, олардың отырысында ҒӘК жұмысы туралы кезең-кезеңімен есеп беріп тұрады.

18. ҒӘК мүшелері болып табылатын әдістемелер/әдістемелік ұсынымдардың жобаларын әзірлеушілер – дауыс беруге құқығы жоқ.

19. ҒӘК отырысында хаттама жүргізіледі, оған қабылданған шешімге негіз болған барлық материалдар қоса тіркеледі. ҒӘК отырысының хаттамасына ҒӘК төрағасы немесе оның орынбасары және хатшы қол қояды.

**4. Ғылыми – әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуын бақылау**

20. ҒӘК шешімдерінің орындалуын бақылауды Орталық директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

**«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМКК директорының м.у.а.**

**«25» 07 2019 жылғы**
**№ 172 бұйрығына қосымша**

## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамалары орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің құрамы

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Төраға | **Дәулеткелдіқызы Динара**<br>Сот сараптамалары Ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты |
| 2 | Төрағаның орынбасары | **Вакансия** |
| 3 | Хатшы | **Игисинова Альбина Сапарбековна**<br>Сот сараптамалары Ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері |
| | **ҒӘК мүшелері:** | |
| 4 | Акбарова Роза Амангельдиевна | Сот сараптамалары орталығының сот-сараптамалық мәселелері бойынша директорының орынбасары |
| 5 | Имамбаева Назгуль Ермековна | Сот сараптамасы орталығының сот-медицина мәселелері бойынша директорының орынбасары, сот-гистологиялық зерттеудің бас сарапшысы |
| 6 | Жуманбаева Бахытгуль Айтмухаметовна | Нұр-Султан қ. бойынша Сот сараптамалары институтының директоры |
| 7 | Тазабеков Асылбек Мейрбекович | Сот сараптамалары Ғылыми-зерттеу институтының директорының орынбасары, ДҚДБАО-ның басшысы |
| 8 | Тукенова Аида Бейбитовна | Сот бейнефонографиялық сараптамасының бас сарапшысы |
| 9 | Илиева Венера Маликовна | Сот баллистикалық сараптамасының бас сарапшысы |
| 10 | Акмолдаева Сауле Болатовна | Заттар мен материалдардың сот сараптамасының бас сарапшысы |
| 11 | Колесников Николай Николаевич | Жол-көлік оқиғасы жағдайлары мен көлік құралдары, сот техногендік апаттар сараптамасының бас сарапшысы |
| 12 | Клементьев Максим Владимирович | Сот экономикалық сараптамасының бас сарапшысы |
| 13 | Абутов Кадыржан Джурабаевич | Сот құрылыс сараптамасының бас сарапшысы |
| 14 | Шагдарова Толкын Амзеевна | Сот өрт-техникалық және жарылыс-техникалық сараптамасының бас сарапшысы |
| 15 | Сарсенбаева Галия Карибаевна | Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасының бас сарапшысы |
| 16 | Дубербаев Даурен Муратович | Сот молекулялық-генетикалық сараптамасының бас сарапшысы |
| 17 | Итбаева Жанар Жаксылыковна | Сот биологиялық (медициналық) зерттеудің бас |

| | | |
|---|---|---|
| | | сарапшысы |
| | Оразгалин Серик Рахымгельдинович | Сот медициналық-криминалистикалық зерттеудің бас сарапшысы |
| 19 | Жуматаева Гульнар Сегизбаевна | Сот химия-токсикологиялық зерттеудің бас сарапшысы |
| 20 | Кудайбергенова Айжан Жаканбаевна | Сот-сараптамалық психологиялық зерттеудің бас сарапшысы |
| 21 | Баймаганбетова Гульмира Сарсембаевна | Сот сараптамалары Ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-әдістемелік бөлімінің басшысы |